



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

31 мамыр
сенбі

№40 (2153)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЖАҢА ЖЭО: құрылыс қарқыны қуантады

Өңірде жаңа жылу-
электр орталығының
құрылысы қарқынды
жүруде. Оңтүстік
өңірлерде электр
энергиясының
тапшылығын
болдырмау
мақсатында қолға
алынған бұл жоба
аясында Қызылорда
қаласынан 240 МВт
электр энергиясы
мен 277 Гкал жылу
энергиясын өндіретін
жаңа жылу-электр
орталығы Сырдың
бас қаласынан бой
көтеруде.



Жобаның құны 215 млрд теңге тұрады. Бұл құрылысты Түркияның «Akso Energy» компаниясы жүргізуде. Бүгінде орталық құрылысына 137 млрд теңгеден астам инвестиция салынды.

Жоба аясында қуаттылығы 180 МВт болатын 2 газ-турбина қондырғысы (General Electric, АҚШ), 95 МВт-тық бу турбинасы (Doosan Skoda, Чехия), 2 бу қазандығы (AC BOILERS, Италия) мен 4 жылу қазандығы (Mimsan, Түркия) қойылады. Қазіргі кезде негізгі қондырғылар жеткізіліп, орнатылуда.

Құрылыс жұмыстарының 70 пайызға жуығы аяқталды.

Президент тапсырмасымен Қызылорда облысында салынатын құны 800 млрд теңге, қуаттылығы 1100 МВт болатын бу-газ қондырғыларының құрылысы – оңтүстік өңірлердің энергетикалық тәуелсіздігіне бағытталған мегажоба. «Самұрық-Энерго» компаниясы Катар инвесторымен келіссөз жүргізіп, техникалық-экономикалық негіздемесін әзірледі. Жаңа бу-газ қондырғыларын салу үшін облыс әкімдігі 280 гектар

жер телімін бөлді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өте маңызды жобаны 2028 жылы іске қосу жоспарланған.

Оңтүстік өңірлерге табиғи газ тарту мақсатында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісін салу көзделген. Ұзындығы 1500 шақырым болатын газ желісінің 843 шақырымы Қызылорда облысының аумағынан өтеді деген болжам бар.

«Ақмешіт-ақпарат»

БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жадыраған жаз салтанат құрды. Жазғы демалысқа асыға шыққан мектеп оқушылары осы күндерді мағыналы өткізуге тырысады. Ауыл баласы – қалаға, қала баласы – ауылға асығатын кез дәл осы шақ. Оқудан босаған өрендердің кейбірі демалыс лагеріне барады.



Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың сөзіне сүйенсек, биыл 3,2 миллион оқушыны сауықтыру, демалыс және жұмыспен қамтудың түрлі бағдарламаларымен қамту жоспарлануда.

– Өңірлермен бірлесіп барлық демалыс орталығының тізімі бекітілді, олардың дайындығы республикалық штаб отырыстарында қаралды. Санитарлық нормалардың, тамақ қауіпсіздігі талаптарының, сондай-ақ судағы, ормандағы және спорт нысандарындағы қауіпсіздік ережелерінің сақталуына бақылау күшейтілді. Әлеуметтік осал санаттағы балаларға ерекше назар аударылуда. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен «Жаздық жолдама» жобасы аясында 10 мың бала тегін демалуға мүмкіндік алады. Басымдық көпбалалы отбасылар мен ауыл балаларына беріледі, – деді министр.

Айта кетейік, жазғы демалысты мазмұнды ұйымдастыру мақсатында министрлік 120 мың педагог-ұйымдастырушыны даярлады. Сондай-ақ қосымша 12 мыңнан астам студент пен ерікті тартылады екен.

Министрліктің ақпаратына сүйенсек, балалардың жазғы демалысын тиімді өткізу үшін еліміздегі театрлар мен мұражайларға кіру тегін болады.

2-БЕТТЕ

■ 31 МАМАҒЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-
СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ
ҚҰРБАҒДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Сағат ТАЙМАН,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің гуманитарлық
педагогикалық институтының
директоры, тарих ғылымдарының
кандидаты:

РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАҒДАРЫНЫҢ ҰРПАҒЫНДА ДА ҮРЕЙ БАР



Қазақ тарихындағы нәубетті кезең аз емес. Еліміз еңсесін тіктегелі жоғымызды тауып, жыртығымызды бүтіндеп келеміз. Ал қазақ өзінің 1920 жылдағы санына 1970 жылы ғана жақындаған. Тарих беттерін парактап, белгілі ғалым Сағат Тамшыбайұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.

2-БЕТТЕ

■ 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Жақсыгүл ТОҒАНОВА, Қызылорда
облысы бойынша бала құқығын
қорғау жөніндегі уәкіл:

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

1 маусым –
Балаларды қорғау
күні. Бұл кішкентай
тұрғындарға
мерекелік көңіл-күй
сыйлайтын күн ғана
емес, аға буынның
бала алдындағы
жауап-
кершілігіне
есеп беретін
күн десек
артық
айтқан-
дық
емес.
Балаға
жағдай

жасау ең алдымен оның құқын қорғаудан, қауіпсіз орта қалыптастырудан басталатыны белгілі. Балаға көңіл бөлу, қамқорлық жасау бір күннен бітегітін шаруа емес екені де белгілі. Осы орайда, Қызылорда облысы бойынша бала құқығын қорғау жөніндегі уәкіл Жақсыгүл Тоғановамен сұхбаттасудың сәті түсті.

2-БЕТТЕ

■ ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА
БОЛҒАНДА...

ҒАСЫР ЖҮГІН КӨТЕРГЕН



3-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың екінші
жартыжылдығына жазылу
жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз
төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін

6 айға – 3000 теңге,

мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса, мына
нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

ЦИФРЛЫ БАЛА ЖӘНЕ АТА-АНА

Бүгінде балалар ерте жастан интернетке қосыла бастады. Қазақстандағы ата-аналардың үштен бірі балаларына 4-6 жас аралығында смартфон не планшет алып береді екен. Әрине, интернеттің пайдалы жақтары көп, дегенмен балалардың интернет әлеміне ерте кіруі қауіп-қатерлерді де арттырады. Ата-аналардың өздері тыныштық үшін немесе баласы жыламасын деп қолына смартфон ұстатып, түрлі мультфильмдер қосып беретін жағдай жиі кездеседі. Өкінішке қарай, ата-аналардың көпшілігі бала қандай мультфильм көріп отырғанына аса мән бермейді. Соның салдарынан бүгінгі балалар ғаламтордағы түсініксіз, кейде тіпті психикасына зиян келтіретін видеолар мен ойындардың

құрбанына айналууда. Бұған себеп – ата-аналардың өздері уақыт тапшылығынан немесе сандық технологиялардың зиянын терең түсінбеуінен баланың смартфондағы әрекетін бақылай алмайды немесе бақылағысы келмейді. Осыдан келіп, бала үшін интернет кеңістігі бейберекет, бақылаусыз ортаға айналады. Өз жасына сай емес ақпараттарды көруі, жеке деректерін байқаусыз бөлісуі, онлайн алаяқтардың құрбаны болуы, тіпті кибербуллингке тап болуы мүмкін. Сондықтан интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ата-ана мен қоғамның басты міндеті.

4-БЕТТЕ



– Сағат Тамшыбайұлы, әңгіменің әлкиссасын саяси репрессиядан бастасак. Қай кезден басталды, қашанға дейін жалғасты?

– Репрессия дегенде біз ең әуелі әңгімені 1723-27 жылдар аралығында «Елім-айлап» өткен Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама қасіретінен бастаймыз. Бұл – қазақ тари-хындағы ең қасіретті кезең. Бүгінге дейін тарихта әр түрлі бағасын алып келді. Ашаршылықтың өзі екі кезеңнен тұрады. Осы кезеңдерде біз саяси репрессия туралы айтып өтсек болады. Саяси қуғын-сүргін 20-жылдардың ортасынан басталады. 1919 жылы Алашорда үкіметі тарady. Осы сәттерде Кеңес үкіметі де саяси сауатты адамдарға зәру болды. Міне, осы кезде олар жер-жерде патша өкіметінің тұсында оқыған азаматтарды пайдаланды. Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхановтар осы кезде оқу-ағарту ісімен айналысты.

Ал енді деректер бойынша әсіресе Сталиннің уақытында саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың саны жетерлік. Оны біреулер 20 млн дейді, тағы біреулер 9 млн, енді бірі 4 млн адам қуғынға ұшырады дейді. Енді орта есеппен алғанда күніне 1200-1300 адам атылып отырған. Әсіресе, 1937-1939 жылдар аралығында атылғандар көп болды. Ал Солженицынның мәліметінше, жалпы Кеңес одағында 55 млн адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Қазақстан бойынша айтсақ, бұрын 118 мың адам репрессия құрбаны болды дейтіміз. Ал қазір бұл сан 125 мыңға өзгерді. Оның 25 мыңы атылып кетті. Қалған 100 мыңы әртүрлі лагерлерде болды, айдалды, сол жақта қайтыс болды. Нақты шешім қабылданып, өлім жазасына кесілгені сол 25 мың адам. Оның көпшілігі қазақ зиялылары болды.

– Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар тек зиялы қауым өкілдері ғана болды ма? Әлде...

– Мұның екінші жағы бар. Бұл репрессия тек саяси тұлғаларға ғана емес, қарапайым халыққа да әсер етті. Осы кезеңдерде байларды көмпескелеуде көп адам қашып кетті. Ауа көшкендер көп болды. Халқымыз тарыдай шашылды. Мысалы, 1 млн 130 мың адам ауа көшті. Ашаршылық салдарынан, көтеріліс салдарынан көшкендер де болды. Соның 676 мыңы ғана елге қайтқан. Қалғаны қайтпай қалған. Екінші мәселе, аштық кезеңіндегі нақты деректер әлі де табылмай жатыр. Саяси қуғын-сүргінді зерттегенде қазақстандық репрессия құрбандарын 125 мың десек, оның ішінде басқа ұлттың өкілдері де бар. Халық жауы деген айып тек қазақтарға ғана емес, басқа ұлт өкілдеріне де тағылды. Олардың көпшілігі біздің елге күштеп жер аударылған.

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия жұмысы қалай болып жатыр? Қанша адамды ақтады?

– Комиссия жұмысы басталған сәтте біріншіден, біз құжаттармен таныстық. Әуелі 1989 жылы «Әділет» қоғамы осы кісілерді ақтауды қолға алған. Кейін мемлекет тарапынан қолдау көріп, арнайы комиссия жұмыс істей бастады. Ал 1995 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы арнайы заң шығарылды.

Қазір Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінен біз мәлімет жинақтап жатырмыз. Ол мәліметтердің арасында тек қазақ емес, басқа ұлт өкілдері де бар. Барлығы бір шешіммен атылып кеткен. Оларды ақтау бойынша жұмыс бүкіл Кеңес Одағы бойынша жүрді. Бірақ соның ішінде ең көп зардап шеккендер – қазақстандықтар. Әсіресе, ашаршылық кезеңінде көп шығынға ұшырады.

Бұл тақырыпты қанша зерттеп жатсақ та, жыл өткен сайын жаңа ақпараттар шыға береді. Облыстық ішкі істер

департаментінің архивінде екі қор бар. Оның бірі ақтауға жатпайтындарға арналған. Соның ішінде 400-500-ге жуық адам бар. Біз комиссия соны мұқият қарадық. Оның ішінде шын мәнінде қылмыскер азаматтар бар. Адам өлтірген, тонағандар да кезікті. Бірінші мәселе, 30-шы жылдары облыстың Қармақшы, Қазалы, Арал аудандарында болған көтерілістің қатысушыларының көпшілігі ақталмаған екен. Оған себеп: 1937-1938 жылға дейін қолынан қаруын тастамай, құмды ауылда мекен етіп, қызыл әскерге қарсы шабуыл жасауы. Оларды көбіне банды деп атайды. Мұнан бөлек те біраз атаулары бар. Солар туралы істерді кезіктірдік.

Сағат ТАЙМАН,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің гуманитарлық педагогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты:



Тағы бір айта кетерлігі, Түркістан легионы туралы еді... Бұл мәселеде 117 адамның ісі жатыр. Оның әрбірінің ісіне қарасақ, оның барлығы – жергілікті қазақтар. Олар тұтқынға өз еркімен берілмеген. Кейбірі жараланып, ал енді бірі қоршауда қалып қойып, тұтқынға түскендер. Олар тұтқынға түскен соң, оларды сүңдеттелген делі де еврей екен деп қыра бастады. Осы кезде Мұстафа Шоқай араласып, мұсылман екенін, қазақ екенін дәлелдеп шығып, аман алып қалды. Олар немістерге ешқандай әл беріп, Кеңес әскеріне қарсы соғысқа шықпаған. Біз өз кезегімізде бұл 117 азаматтың бәрін ақтауға ұсындық. Комиссияның ұстанымында адамгершілік, ұлттық құндылықтар бірінші орында тұрады.

– Осы ақтау ісіне қатысты қандай ұсынысыңыз бар? Кемішн тұсымыз бар ма, кей нәрселерге мән бермей жатырмыз ба?

– Меніңше, осы бағытта қылмыстық кодекстегі баптарды қайта қарап шығу керек. Кезіндегі көпшілік заңның барлығы дерлік, баяғы Кеңестік дәуірдегі стереотиптен арыла алмаған кезеңде қабылданып кеткен. Ресейдің қылмыстық кодексіне қарап отырып жасалынған. Мәселен, ол жердегі «Отанын сатқан» деген терминді алып тастаса, бұлардың барлығы ақталып кетеді. Бұған

байланысты заңгерлер жұмыс істеп жатыр. Тарихи, ұлттық санадан қарасақ, оларды сатқын деп айыптауға біздің ешқандай да құқымыз жоқ. Кеңес үкіметі тарап кетті. Біз тәуелсіздігімізді алдық. Ұлттық сана тұрғысынан қарасақ, олар біздің жерімізде соғысқан жоқ. Оған басқаша көзқарас қалыптастыру керек.

– Көзқарас демекші, бір адамға тағылған айыптың артында бүгіндей бір әулеттің тағдыры жатты ғой...

– Әрине, мәселен, концлагерлерде мыңдаған қазақ жатты. Олар жазасын өтеп келді. Бірақ олар өмірінің соңына дейін үреймен жүрді. Тіпті келген соң олар не істейді, қайда барады,

кіммен кездеседі деп сондарына бір-бір тыншыдан салып қойды. Қазір де ата-бабасын ақтауға ұрпағының өзі ынталы емес болуы сол үрейден деп ойлаймын. Өйткені әсіресе Сталиннің кезінде бір адамға айып тағылып, оның үрім-бұтағына дейін құртып жіберген жағдайлар көп. Сондықтан жұмған аузын ашпай жүруі де мүмкін.

– Демек, өзінің ынтасымен келіп, ата-бабасын, әкесін ақтап алуға ұсыныс білдірген адамдар болмағаны ма?

– Біз теледидардан, басылымдар мен әлеуметтік желілерден жан-жаққа хабарлама жібердік. Басқа өңірлерде ізденгендер бар. Бірақ Қызылордада мұндай бастамамен келген адам болмады. Олардың көпшілігі кешегі 60-жылдары сотталғаны сотталып, қайтыс болғаны қайтыс болды. Олар мұнда келгенде де үреймен жүрді. Жасырып жүрді. Олардың соғысқа қатысты деген куәлігі болған жоқ. Олар жеңіс шерулеріне қатысқан жоқ. Меніңше, олардың кейінгі ұрпақтары да соны қазбалағысы келмейтін сияқты. Үрей мен қорқыныш санаға сіңіп қалған.

– Қазақ басынан талай нәубет өтті ғой. Жоғарыда атылған қазақ зиялылары жайлы айттық. Жалпы халық санағы туралы айттық. Ал енді қазақ халқының демографиясына орасақ...

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ

– Саяси қуғын-сүргін халқымыздың санына қатты әсер етті. Ашаршылықта өмірі қиылған адамдар саны әр жерде әртүрлі. Бірақ шындыққа жанасатыны – 1 млн 750 мың адам. Мәселен, 1920 жылғы халық санағы бойынша 5 млн адам болған. Оның басым бөлігі қазақтар еді. Қазақ халқы 1970 жылы ғана сол 1920 жылғы көрсеткішке әрең жетті. Ашаршылықты саяси репрессиядан бөліп алып қарай алмаймыз.

– Саяси қуғын-сүргін құрбандары қай жерде жерленді?

– Қала бойынша бірнеше орынды нақты айта аламыз. Оның ең әуелгісі, «Арай» шағын ауданындағы қазіргі ескерткіштің орны. Кезінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жұмыс істеген Тәңірберген Мәмиев есімді археолог зерттеп, тапқан болатын. Өйткені ол жерде адамдарды тізбектеп ату, бастан ату деректері болған. Екіншісі, қазіргі Қарауылтөбе ауылының арғы шетінде орналасқан. Жергілікті халықпен сөйлескенде олардың естелігінде сол жерге түн жарымда адамдар әкелініп, мылтықтың дауысы, атпаңдар деген жалыннышты дауыстар, адамдардың ыңырысғаны естілетін болған. Бірқазан елді мекенінің теміржол маңында тағы да осындай жер бар. Көп жағдайда ол жерге вагонмен әкеліп, атқан. Ол жерде де сүйектер шашылып жатқан. Дәл осы тәрізді әр жерде орындар кездеседі. Сондай-ақ қырық молданың атылған жері деген бар. Ол қаланың батыс бөлігінде орналасқан.

Архив деректерімен жұмыс істеу онай іс емес. Әрбірін қарап отырып, түрлі тағдырға тап боласың. Оларды кімдер атты деген сауалға келсек, арнайы адамдар болған. Олардың жазуына қарасаң, аты-жөні айтылмаған. Тек есеп берілген. «Барлық есеп А бөліміне жіберілді» дегенді кезіктірдік. Бірақ біз әлі күнге А бөлімнің қайда екенін білмейміз. Ол арнайы жасырын бөлім болуы мүмкін. Бұл мәселе әлі күнге ашық күйінде қалып отыр.

– Сағат Тамшыбайұлы, қанша жылдан бері осы бағытта енбек етіп жүрісіз. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні келгенде ең алдымен ойыңызға не келеді?

– Көпшілік тарихтың бәрі жазылып қойды деп ойлайды. Бірақ жылдан-жылға жаңа деректер мен мәліметтер пайда болады. Отыз жыл бұрынғы зерттеуші емес, отыз жылдан кейінгі зерттеушінің көзқарасы өзгере бастайды. Ол мәселеге басқаша көзқараспен қарай бастайды. Сондықтан тарих үнемі жанарып тұрады. Черчилльдің «Өткенін ұмытқан халықтың болашағы жоқ» деген сөзі бар. «Өткенінді ешқемей, болашаққа жол жоқ» деген қазақ сөзі де осындайда ойға келеді. Біз өткенімізді ұмытпай, еске алып, алдыңғы буынға құрмет жасауымыз керек. Міне сонда ғана ұлттық сана, ұлттық рух көтеріледі. Аға ұрпақтың арманы тәуелсіздік, осы күн екен ғой. Қадірін білейік деген ой қалыптасады. Ең басты құндылығымыз – тәуелсіздік. Әр жастың бойында әр ойында осындай ойлар мен сезімдер болу керек. Насихаттап айта беру керек, фильмдер көрсете беру керек. Бұл тақырыптағы жаңа романдар мен естеліктер жазылу керек.

Кезінде ұлттық рухтан айыруға қадамдар жасалды. Тілімізден де айырылып қала жаздалдық. «Құлдар ғана өзінің қожайынының тілінде сөйлейді» деген сөздің мысалына айналып, құлдық сана болды. Қазір енді бәрі оңалып келеді. Өлгенімізді тірітіліп, өшкенімізді жаңғыртып жатырмыз. Осы беттен таймау керек.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН

БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

55 млн 580 мың теңге қаражат қаралды

Қаладағы білім беру ұйымдары балғындардың демалыс кезеңін қызықты өткізу үшін барлық жағдай жасауда. Жыл өткен сайын оған айрықша көңіл бөлініп келеді. Соның дәлелі ретінде лагерлерде демалатын оқушылар саны артқанын айтуға болады.



Қалалық білім бөлімінің деректеріне сүйенсек, маусым айынан бастап демалыс орындары балдырғандарға есігін айқара ашады. Жаз айында білім алудағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар, білім беру ұйымының алкалы басқару органы айқындайтын білім алудылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке

алу тәртібін айқындайды. Бұл мақсатқа бюджеттен 55 млн 580 мың теңге қаражат қаралды, – делі қалалық білім бөлімінің әдіскері Нұрқанат Амантаев.

Жазғы мектеп қызығы

26 мамырдан бастап қаладағы мектептерде жазғы тынығу лагері жұмыс істеуде. Біз жазғы мектептің қызығын балалармен бірге сезіну үшін арнайы С.Сейфуллин атындағы №4 IT мектеп-лицейге арнайы бардық. Мұнда бір мезетте 125 бала тынығуда. 1-6 сынып оқушылары түрлі үйірмелерге қатысып, уақыт қызық өтуде. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, лагерь жетекшісі Сұлұшаш Алмасбекованың айтуынша, білім ордасы қазіргі уақытта жас өрендердің шаттыққа толы орнына айналған. Мұнда бүлдіршіндер үшін қызықты күндер өтуде.

– Жазғы лагерь ашылған күннен бастап демалысты мазмұнды өткізу үшін тиісті үйірмелер бойынша балаларға көңіл бөлінуде. Олардың әрбір минуты тиімді өткені біз үшін маңызды. Лагерьдің ашылу салтанатына мектебіміздің тұлғалары үлкен демеушілік жасады. Атап айтсақ, «Асар» ЖШС директоры Жасұлан Тасыбаев балаларға тегін балмұздақ таратты. «ШикИ» жарнама агенттігінің директоры Шыңғысхан Данияр лагерьдің көркейілігіне демеушілік жасап отыр. Тынығу лагері өз жұмысын заманауи бағытта жандандырып отыр. Мектепте оқушылардың тынығуына барынша қолайлы мүмкіндік бар. «Шабыт шауғы», «Сахна жұлдызы», «Ой мен есеп алаңы», «Шебер коллар» және ағылшын үйірмелері оқушыларды қызықтыра түседі, – дейді Сұлұшаш Алмасбекова.

– Жазғы демалысмын қызықты өтуде. Бізге барлық жағдай жасалған. Түрлі үйірмелерге қатысып, көңіліміз көтерілуде. Барлық іс-шараларға белсене қатысудамын. «Шебер коллар» үйірмесі арқылы сурет салуды, тігін тігуді үйретеді. Сондай-ақ «Сахна жұлдызы» үйірмесі мені қатты қызықтырды. Бұл мені арманымға жетуге жетелейді. Түрлі қойылымды қойып дайындайды. Бұл мен үшін үлкен сахнаға дайындық деп есептеймін. Өзімді еркін сезінуді үйрендім. Сахна жұлдызы болу менің болашақтағы арманым десем де болады, – дейді 4 сынып оқушысы Жазира Жарасбекқызы.

Ал 4 сынып оқушысы Жанарыс Мұхамед-қали ағылшын, шахмат үйірмелеріне белсене қатысып жүргенін айтты.

– Маған жазғы мектеп лагері өте қатты ұнауда. Шахматты тереңірек үйренудемін. Мұнда түрлі тақырыптарда сайыс өткізіледі. Жазғы демалысты тиімді өткізгім келгендіктен лагерьге қатысуды жөн көрдім. Жадыраған жаздың рахатына бөленіп, бал-дәурен шактың бал дәмін ұмытпастай етіп өткізуді ұйымдастырған мектебіме рахмет айтамын, – делі ол.

Жаңа жобалар жүзеге асады

Қала сыртында орналасқан 2 лагерь мен орталықтарда 4 ауысымда 1888 бала демалыспен қамтылады. Одан бөлек, «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен Түркістан облысы, Төле би ауданы, Біркөкші елді мекеніндегі «Қуаныш» лагерінде 200 оқушы, демеушілер мен кәсіп-одақтар есебінен жобамен 200-ден аса оқушы тынығады.

Сондай-ақ 9 мектеп жанында этно-лагерлер, 18 шатырлы лагерьлер жұмыс істеп, онда 788 бала қамтылды.



Қызылорда қалалық білім бөлімінің әдіскері Нұрқанат Амантаевтің айтуынша, биыл балалардың бос уақытын ұйымдастырудағы бір ерекшелік, жұмысын мамандықтары жылына орай «Жас Skills» жобасы жүзеге асуда. Білім беру ұйымдарының 8-10 сынып оқушыларын өңірдегі 18 колледждің материалдық-техникалық базасымен таныстыру, жұмысыны қүзіреттілігі туралы жан-жақты кәсіби бағдар беру, олардың қызығушылығын арттыру бағытында шаралар қабылданады.

– Мектеп, колледждерден бөлек, облыс аумағындағы қосымша білім беру ұйымдарында да жазғы лагерьлер жұмыс істейді. Биыл да жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бос уақыттын тиімді ұйымдастыру бағытындағы жұмыстарды өз деңгейінде үйлестіреміз, – делі білім бөлімінің әдіскері.

Лагерьлердің жағдайы қатаң бақылауда

Енді жазғы демалыс лагерьлерінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына шағым болса, жедел желіге қоңырау шалуға болады.

Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің мәліметінше, биыл балаларды сауықтыру ұйымдарын маусымға уақытлы дайындау мақсатында комитеттің аумақтық бөлімшелері әкімдікпен бірлесіп, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша «Жол картасын» әзірлеп бекітті. Жол картасын іске асыру шеңберінде балалар демалысы нысандарының санитарлық-техникалық жай-күйін бағалау жөніндегі ведомстваралық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру, лагерь қызметкерлерімен оқыту және түсіндіру іс-шараларын өткізу, сондай-ақ дайындықтан бастап ауысым аяқталғанға дейінгі барлық кезеңдерде

санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын бақылау, балалардың тамақтану, сумен жабдықтау, медициналық қызмет көрсету және тұру жағдайларының сапасын бақылау көзделуде. Қазіргі кезге дейін консультациялық көмек көрсету үшін әр лагерьге санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандары бекітілген. Олар 191 лагерь өкілдеріне кеңес берді.

ТҮЙІН. Жазғы лагерь баланың өзін-өзі дамытып, алаңсыз демалуына жағдай жасайды. Мұндағы әрбір бала түрлі шараларға қатысып, ой-өрісін дамытып, талай танымдық дүниелермен танысады. Сондықтан да балалар үшін жақсы демалыс ұйымдастыру – бүгінгі күннің басты міндеті. Ал демалыстың мәнді өтуі – білімге деген құлшыныстың бастауы екені сөзсіз.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Тырысқақ (холера) – қандай ауру?

Қызылорда облысы тырысқақтың эпидемиологиялық қауіптілігін құрайтын кешенді факторлар бойынша І типті аумағына жатады.

Тырысқақ – аса қауіпті карантинді, жедел жұқпалы ауру. Тырысқақ ауруы – қоздырғыштың ауыз қуысы арқылы адам ағзасына еніп, жұғатын жедел жұқпалы ішек ауруы. Ол ағзадағы су-тұз, белок алмасуының бұзылуымен ағзаның сусыздануымен сипатталады.

Аурудың жұғу жолдары: дертке шалдыққан адаммен қарым-қатынаста болып, оның заттарын қолданғанда, жеке бас гигиенасын сақтамаудың салдарынан, инфицирленген суды қолданғанда немесе сол суда шомылу кезінде суды жұтып қойған жағдайда, көкөністерді жумай пайдаланғанда және ластанған қол арқылы ауыз қуысына қоздырғыштың ағзаға түсуімен таралады.

Тырысқақтың қоздырғышы суда, ашық су қоймаларында, тағамдарда бірнеше айға дейін сақталады.

Аурудың жұғу көздері: тырысқақпен ауырған наукас дер кезінде емделмесе немесе жасырын түрі болғанда қоршаған ортаға ауру адамның нәжісі, құсығы арқылы таралып кетуі мүмкін.

Ауру аяқ астынан басталады. Іштің өтуімен, ауырсынбай күріш суы түрінде, жиілігі тәулік бойы бірнеше мәрте өтіп, артынан құсық қосылады. Ағзаның сусыздануы басталады. Жағдайы нашарлап, әлсіздік, шөл, ауыз қуысы құрғап, денесі мұздайды. Уақытылы ем қолданбаса өлімге соқтыруы мүмкін.

Есте сақтаныңдар! Тырысқақ ауыруымен ауырмау үшін:

- әрбір адам жеке бас гигиенасын қатаң сақтауы керек;
- жеміс-жидек пен көкөністерді тағамға қолданар алдында міндетті түрде жуу, қайнаған сумен шаяу, суды және сүтті тек қайнатып ішу, тағам өнімдерін шыбындардан сақтау, қолды сабынмен жуу, күдікті не көшеде сауда жасайтын адамдардан тағам және су сатып алмау керек;
- арнайы дүкендерден таза, барлық санитарлық талаптарды сақтаған сауда орындарынан тағам және сусындарды сатып алған абзал;
- су көздерін әртүрлі ластанулардан сақтау керек;
- барлық қоқыстарды салатын шелектердің, ыдыстардың беті тығыз жабылғаны дұрыс және де қоқыстарды жинайтын орындарды жүйелі түрде залалсыздандырып отыру керек.

Адам ауырған жағдайда немесе ауруға күдік туған жағдайда тез арада дәрігер көмегіне жүгініп, наукас жұқпалы аурулар ауруханасына оқшаулану керек.

Назерке ОҢҒАРБАЕВА,

Қызылорда обаға қарсы күрес станциясының дәрігер-бактериологы

Жақсыгүл ТОҒАНОВА, Қызылорда облысы бойынша бала құқығын қорғау жөніндегі уәкіл:

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

– Жақсыгүл Қоғанқызы, кейінгі кезде бала құқығын қорғауға ерекше мән беріле бастағаны қуанатын жағдай. Бұл мақсатта әр аймақта бала құқығын қорғайтын уәкілдер жұмыс істеуде. Ең алдымен, бала құқығын қорғайтын уәкілдің міндеті туралы айтсаңыз...

– Бала құқығы – басты құндылық. Адам құқығы – бала құқығын қорғаудан басталады. Бала кешінде ерекше қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж екенін ескерсек, бұл заң жүзінде реттеліп, бекітілуі тиіс. «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» заңға сәйкес тегіне, нәсіліне және ұлтына, әлеуметтік және мүлкілік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге деген көзқарасына және тұрғылықты мекен-жайына қарамастан барлық баланың құқығы тең.

Оқу-ағарту министрлігінің шешімімен әр аймақта 2022 жылдың тамызынан бастап бала құқығын қорғау жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілді.

Уәкілдің негізгі мақсаты – балалардың құқығын заң жүзінде қорғау, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл барысында балалардың бұзылған құқығы мен бостандығын қалпына келтіру. Балалардың мәселесі ата-аналармен, жеке тұлғалармен, мемлекеттік орган, мемлекеттік ұйымдармен бірлесе шешіледі.

Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің қоғамдық негізде жұмыс істейтінін айта кеткен жөн. Сондай-ақ олар балаларды қорғау саласындағы мәселелерді шешуге арналған заң жобаларын ілгерілетуге қатысады.

Бала – біздің үкілі үмітіміз, жарқын болашағымыз. «Бармыз балам үшін» деген ұстаныммен өмір сүрген халқымыз үшін, көзіміздің қарашығындай болған бүлдіршіндердің бейбіт күнде қауіпсіз өмір сүруі, әр күнін шаттыққа толы етіп өткізуі – бүгінгі аға буының, қоғамның алдында тұрған басты міндеттің бірі. Сол себепті де біздер барынша балабақшада, мектепте, мектептептен тыс уақытта балаларға тиісті күтім мен қамқорлық жасауына жұмыс жүргізудеміз. Бұл бағытта елімізде жеткіншектердің білім алуына, шығармашылығын шыңдауына барлық мүмкіндік қарастырылып келеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 45-тен астам заңнамалық құжат бар, олар қоғамдағы баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге келіпдік береді.

Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру барысында облыстағы балалар құқықтарын, мүдделерін қорғау, ведомствоаралық байланыс орнату, балалар арасындағы зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын-алу шараларын жүргізу, балаларды әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер көрсету мен әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыру – басты мақсатымыз.

– Балаға қамқорлық жылы сөзбен бітпейтіні белгілі. Осы арада өңірде балаға қамқорлық жасаудың үлгісі іс

Басы 1-бетте

■ ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА...

ҒАСЫР ЖҮГІН КӨТЕРГЕН

Қызылорда қаласының астана болғанына ғасыр толуына орай Асқар Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Ғасыр сөйлейді» атты тарихи танымдық кеш өтті. Биыл – қазақ атты ұлтымыздың ұлық атауын қайтарғанымызға да 100 жыл. Алашқа ортақ асыл мерекесі ел ағалары мен ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

Ұлт тарихындағы елеулі оқиғалар өткен ғасыр бұрынғы жылында Ақмешіт астана атанды, аты өзгеріп Қызылорда болды. Ал ең бастысы, Алаш зиялыларының бастамасымен қазақ атанды. Тарихтағы өз бағасын айқындаған Сырдың бас шаһарының мерейтойына арналған кеш қалалық «Жастар театрының» қойылымымен басталды. Жиында алғаш сөз алған қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев қала тарихының мәні мен маңызына тоқталды. Ал Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас қала атауының маңызын айтты.

– Этимологиялық тұрғыдан алғанда, «қызыл» сөзі түркі тілдерінде «алтын» деген мағынаны білдіреді. Атақандықты, бай-қуатты, ақша деген мағынада қолданылады. Ал көпшілік пікірде, болысөздерге жағыну деп топшылайды. Бұл атаудың түпкі мағынасы «Алтын Орда» екенін ұмытпағаймыз. Расында, өскелең ұрпақ алғашқы астанамыздың, ұлт зиялыларының ізі қалған топырақта, табан тіреп жүргенін есте сақтайық. Қызылордада Ахмет Байтұрсынов пен Сәкен Сейфуллин бастаған саяси элита

нәтижесімен байқалады. Бүгінгі ата-ана «балам бос уақыттың қайда өткізеді, қайда барады?» деп бас қатырмайды десек артық айтқандық емес...

– Дұрыс айтасыз. Аймақта балаларға қамқорлық пен қолдау жасау бағытында нақты шаралар жүзеге асуда. Облыс орталығында жақында ғана балаларға арналған «Сыр жұлдыздары» жана шығармашылық инновациялық академиясы ашылды. Бұл академия бір мезгілде 5, ал тәулігіне 3 мың оқушыны қабылдай алады. Орталық ғимараты ғылыми-техникалық, спорттық-сауықтыру және жүзу бассейндеріне арналған блоктарға бөлінген. Мұнда ғылым, инженерия, шығармашылық, өнер, тарих, өлкетану, цифрлық технологиялар мен спорт бағыттары бойынша 40-қа жуық үйірмелер жұмыс істейді. Академия болашақ ғалымдарды, өнертапқыштарды, әдебиет пен өнердің жарық жұлдыздарын тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады деп сенемін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен білім беру саласында көптеген кешенді шара жүзеге асуда. Оның ішінде балалардың тұлғалық және зияткерлік дамуына бағытталған қосымша білім беру саласына ерекше көңіл бөлінуде.

Балалар игілігі үшін соңғы үш жылда Қызылорда облысында 3 оқушылар сарайы мен 2 өнер мектебі пайдалануға берілген. Биыл өңірде тағы 200 орындық оқушылар сарайы мен 50 орындық өнер мектебінің құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ «Қазақстан халқына» корының қолдауымен облыс орталығында 300 орындық жазғы демалыс лагері бой көтеруде.

Ел аумағында 1713 мектептен тыс ұйым жұмыс жасайды. Балаларды сауықтыру және олардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін дамыту жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде ауыл мектептерінде 1 мың комьюнити-орталық ашу бойынша жұмыс жүргізілуде. Жалпы 2027 жылға дейін 100 қосымша білім беру ұйымын іске қосу жоспарланған. Осы аталған ауқымды жобалардың барлығы да – балаларымыздың жарқын болашағы үшін атқарылып жатқан игіліктер.

Алдағы уақытта да балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында көптеген жоспарлы жұмыстар бар. Бұл игілікті істер болашақ ұрпақтың жан-жақты дамуына мол септігін тигізері сөзсіз.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген халқымыз бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Бүгінгі күні біздің алдымызда тұрған зор міндет – білім беру сапасын арттыру, бала бойындағы мүмкіндіктерді ашу. Осы бағытта өңірімізде жеткіншектердің сапалы білім алуына, шығармашылықтарының шыңдалуына барлық жағдай жасалуда.

– Бала құқығын қорғау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтсаңыз?

– Адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасы оны алған тәлім-тәрбиесімен сипатталатынын ескерсек, әрбір баланың моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау – бүгінгі күннің басты міндеті, сондай-ақ алдағы күннің талабы.

Соңғы он жылда балалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында көптеген жұмыс атқарылды және жылдан-жылға бала құқығын қорғау жүйесі жетілдіріліп келеді. Бала өзінің физикалық және ақыл-ойының толық жетілмеуіне байланысты туғанға дейін де, туғаннан кейін де кешінде арнайы қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж. Біз оларды құқықтық тұрғыда әрдайым қорғауымыз қажет.

Облыс әкімінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №174 өкімімен Қызылорда облысы бойынша бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі лауазымына тағайындалды. Уәкіл ретінде менің негізгі міндетім – қоғамда орын алған келеңсіз оқиғалар кезінде зардап шеккен тарап пен мүдделі мемлекеттік органдар арасына дәнекер болып, бала құқығының қорғалуына жағдай жасау.

Бұл лауазым – мен үшін үлкен жауапкершілік пен сенім. Осы арада, ең алдымен әлеуметтік әріптес, серіктес мекемелерге тоқталып өткенді жөн көрдім. «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы ашылған уақыттан бастап М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжімен сенімді ынтықтасу, серіктестігіміз жыл өткен сайын нығая түсуде. Сонымен қатар «Қызылорда облыстық психологиялық қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен, «Қамқорлық» дағдарыс орталығымен бірлескен көптеген шаралар атқарылды. Түрлі тақырыптарда семинар-тренингтер, танымдық-тәрбиелік шаралар жүргізілді, ата-аналармен ашық алаң өткізілді.

Екінші бір жұмыс бағытым – Қызылорда облысы бойынша «Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері» жөніндегі білім беру ұйымдарында асхана және тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топ құрамында зерделеу жұмыстарына қатысуым. «Жекеменшік орта білім беру ұйымдарының көрсетілетін қызметтердің сапасына зерделеу жұмыстары жүргізу» тобының құрамында бірнеше мектептерге жүргізілген зерделеу жұмыстарына қатыстым. Қызылорда облысының бала құқықтары жөніндегі уәкілі ретінде, арнайы мектеп-интернаттары қызметіне зерделеу жүргізу үшін ведомствоаралық жұмысшы топ құрамында жұмыс істедім.

Балалардың құқығын қорғау үшін «111 жедел қызмет» байланыс орталығы іске қосылғанын білесіздер. Осы байланыс орталығына қоңырау шалу бойынша түскен арыз-шағымдар дер кезінде қаралып, фактілерін нақтылау бойынша тиісті қолдау жұмыстары жүргізілді, оң шешім табуына жағдай жасалды.

Соңғы ұйымдастырылған шаралардың бірі балалар күні мерекесі қарсаңында өткен болатын. Білімнің қарашырағы саналатын М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне арналған «Балалар үні» атты тақырыптық шаралардың бірі – «Баланың әл-ауқаты – мемлекеттің қамқорлығы» атты мерекелік жиын ұйымдастырылды. Саптанатты жиында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары

Есенбаев Бекжан Шәкізатұлы мерекеге орай балаларды құттықтап, білім басқармасы басшысының арнайы құттықтауын табыстады.

Қызылорда облысы бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкіл ретінде өзім және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қызылорда облысы бойынша өкілі Байхожаев Берікбол Ұзақұлы, «Жастар рухы» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалы төраға орынбасары Серікбай Нұрбол Нұрланұлы дөңгелек үстел қатысушыларына, нақты айтқанда мерекелік шараға қатысушы Қызылорда облысы бойынша балалар омбудсмендеріне игі тілектерімізді арнап, елдік мүдде жолында жасалып жатқан жұмыстарына сәттілік тіледік.

– «Балалар үні» деген сөздің өзі ой салады екен. Демек, біздің қоғам баланың үнін естиді және онымен санасады дейсіз ғой...

– Біздің міндетіміз – балаға жағдай жасаумен қатар, оның құқығының қорғалуы, қауіпсіз, жайлы ортада өмір сүруіне жағдай жасау. Өрине, баланың үнін естиміз де, тыңдаймыз да. «Балалар үні» іс-шарасы аясында өткен дөңгелек үстел барысында балалар құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау, жұмыс барысында кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары талқыланды. Жанаша тың ұсыныстар мен құнды пікірлер айтылып, қызу талқыға түскен жиын болды. Осындай еркін пікір алмасу алаңдарын ұйымдастыру – үлкендер мен балалар арасындағы алтын көпір болады, саналы ұрпақ қалыптастыруда өзіндік орны бар, әрі жастардың азаматтық белсенділігін арттыруда, өзара тәжірибе алмасуларына пайдасын тигізеді деп ойлаймын.

Бір жылға жуық уақытта атқарылған жұмысты бір сұхбатқа сыйтуға мүмкін емес. Дегенмен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамда атқарылып жатқан кешенді жобалар, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заңсыз іс-әрекеттер жасаудан қорғау, заңға бағынушы азамат ретінде құқықтық тәлім-тәрбие беру мәселелері ешқашанда күн тәртібінен түспек емес. Саналы ұрпақ тәрбиелеу – баршааңыздың алдымызда тұрған мәртебесі биік, маңызы зор ұлттық міндет.

Балаларымыздың жетістігі, олардың жақсы оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүргені – біз үшін үлкен мақтаныш.

Біз үшін, яғни әрбір ата-ана үшін бұл өмірдің бақыты – сәбилерінің мейірімге бөленіп, риясыз күлгенін, олардың бақытты жүздерін көру. Өмірімізге әр беріп, мәнін кіргізген, көңілімізге қуаныш сыйлаған балғындарға айтар тілегім, дендеріңіз сау болсын! Өрбір баланың отбасынан басталған бақытты балалық шағы Отанның адал азаматы болуға жетелесін. Балаларымыздың болашағы жарқын, аспаны ашық, елімізді өркендетер келешектің кеменгері болсын деп тілеймін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Қалалық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтіп, күн тәртібіне өзекті мәселелер қойылып, талқыланды. Жиынға қала әкімінің орынбасары Б. Омаров, қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев, қалалық қоғамдық кеңес төрағасы С.Дүйсенбаев, қоғамдық кеңес мүшелері және БАҚ өкілдері қатысты.

ӘСКЕРИ КОМИССАРИАТ ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ



Жиынның күн тәртібінде «Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жұмыстары» жайлы мәселе жан-жақты талқыланды. Мәселе талқыландық бұрын қоғамдық кеңес мүшелері әскери комиссариаттың шақырту пунктінде барған. Кеңес мүшелері бүгінгі басқосуда рейд барысында көзбен көрген келеңсіз жағдайды ортаға салды.

Қоғамдық кеңестің әлеуметтік сала және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы С.Мырзабеков ғимараттың жөндеу көрмегенін мәселе етіп көтерді.

– Ғимарат тозығы жеткен ескі емес. Жөндеу көрмегені көрініп тұр. Киім шешетін жердің терезесін кірпішпен бітеген, алайда сыламаған. Мекеме емес, зат сақтайтын қойма секілді. Едендегі линолеумдер жыртылған, кеңсе жиһазы тозған, есіктер де қазіргі талапқа сай келмейді. Бір сөзбен айтқанда, халықпен қоян-қолтық жұмыс істейтін құзырлы мекеменің бүгінгі жайы көңіл көншітпеді, – деді ол.

Мұнан соң қоғамдық кеңес мүшелері 2024 жылғы қала бюджетінің атқарылу барысын тыңдап, биыл қала бюджетіне енген өзгерістермен танысты.

Бұл жайлы қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г.Баймаханова баян етті.

– 2024 жылдың қорытындысымен қала бюджетінің шығыстары 99,9 пайызға игерілді, жоспар 112 млрд 318,8 млн теңге болса, игерілуі 112 млрд 209,1 млн теңге. Қалдық – 109,8 млн теңге, оның 93,0 млн теңгесі үнемделген қаржы болса, 16,8 млн теңге басқа да себептермен игерілмеген қаржылар, – дейді бөлім басшысы.

Қаланың бас қаржыгерінің айтуынша, өткен жылғы қалалық бюджет құрылымында 10 бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша

жоспарланған қаражат толық игеріліп, 3 бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша кейбір қаржы көзі пайдаланылмаған. Шарттық міндеттемелердің орындалмауынан жеке мемлекеттік сатып алу конкурстары аяқталмауына қатысты қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінен, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінен және қалалық құрылыс бөлімінен қаржы игерілмеген.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің назарына ұсынылған – 2025 жылға арналған жол картасында атауы жоқ көшелер мен қайта атауға жататын көшелерге атау беру жайлы қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж. Тажмаханов мәлімдеді. Бөлім басшысының айтуынша, тарихи тұлға тізіміне енген бірқатар азаматтардың атына көше атын беру ұсынысы қолдау тапқан. Олардың қатарында Алтынбек Сейдахметов, Қайым Мұхамедханов, Сейітбек Шаухаманов, Серікбол Қондыбай, Сұлтанбек Қожанов сынды тұлғалар бар.

– Министрлік жеңістің 80 жылдығына орай Кеңес Одағының батырлары мен екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің есімдерін көшелер мен даңғылдарға, білім беру мекемелеріне беру мүмкіндігін қарастыру жөніндегі бір реттік тапсырма негізінде жоғары атқарушы органның келісімімен Қызылорда қаласынан 53 соғыс ардагерінің есімі республикалық комиссия қарауына ұсынылып, 48-і қолдау тапты. 17 ардагердің есімі ауылдық округтерден бекітілді, – деді бөлім басшысы.

Жиын барысында қоғамдық кеңес мүшелерінің жаңа ережесі бекітіліп, мүшелікті растайтын куәлік табысталды.

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2025»

ұлттық конкурсының қалалық деңгейдегі бірінші кезеңі басталды

Конкурсқа қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

Қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар; бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізімі:

- ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның кемелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінің үзінді көшірме;
- неке кино туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- Ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- Балаларды тәрбиеленгені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және мінездемелер;
- ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);
- отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

Аталған құжаттарды жинақтап, сканерлеп, түрлі-түсті портфолио жасап төмендегі мекен-жайға ұсынады. Сонымен бірге отбасын таныстыру мақсатында отбасылық көріністер бейнеленген 1,5-2 минуттық видеоролик жасап ұсыну қажет.

Жеңімпаздарды анықтау мақсатында құрылған комиссия отырысында портфолио мен видеороликті қарау арқылы жеңімпаздар анықталады.

«Мерейлі отбасы - 2025» ұлттық конкурсына құжаттар 2025 жылғы 15 маусымға дейін қалалық қоғамдық даму бөлімінде қабылданады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №16 үй (қала әкімдігінің ғимараты), 306 - кабинет, байланыс телефоны: 26-39-54, 27-20-81.

Айдана БАХТИЯР

